Осы әдістемеде жіберуші және қабылдап алушының арасында шифрлеу және шифрді ашу үшін, байланысудан бұрын олар алдын-ала келісілген сол бір кілтті қолданады. Егер кілт ашылмаса, онда шифрді ашу кезінде автоматты түрде жіберушінің аутентификациясы болады, жіберушіде ақпаратты ашуға болатын кілт бар болғаннан кейін ғана, яғни ақпаратты шифрлеуге болатын кезде, қабылдап алушыда ақпаратты ашуға болатын кілт болады. Жіберуші мен қабылдап алушылар ғана бір симметриялық

кілтті береді, сондықтан кілттің беделі түскен жағдайда тек қана осы екі пайдаланушылар жауап береді. Басқа да криптожүйелерге актуалды болатын проблемалар симметриялық кілттердің қауіпсіз таралуындағы сұрақтар болады.

Симметриялық шифрлеудің алгоритмдері қатты үлкен емес ұзындықтағы кілттерді пайдаланады және үлкен көлемдегі мәліметтерді тез шифрлейді.

Симметриялық кілтті жүйелерді пайдалану ережесі:

1. Симметриялық құпия кілт қауіпсіз құрылады, таралады және сақталады.
2. Жіберуші мәтін үшін хэш-функция есебінің көмегімен және мәтінге қосылған жаңа жолдарға электронды қол қоюды шығарады.
3. Жіберуші шифрленген мәтінді алу үшін шифрлеу-шифрді ашу тез симметриялық алгоритмін алынған пакетке (мәтінге электронды қолымен бірге) құпиялы симметриялық кілтпен пайдаланады. Тек қана жіберуші симметриялық құпия кілтін білгендіктен осы пакетті шифрлей алады, осындай ашық емес түрде аудентификация болады. Ал бұл симметриялық құпия кілтін тек қабылдап алушы ғана біледі және оның шифрін ашады.
4. Жіберуші шифрленген мәтінді беріп жібереді. Симметриялық құпия кілт ешқашанда қорғалмаған байланыс каналдарынан берілмейді.
5. Қабылдап алушы сол шифрлеу-шифрді ашу симметриялық алгоритмді шифрленген мәтінге негізгі мәтінді қалпына келтіру және электронды қол қою үшін сол симметриялық кілтпен бірге пайдаланады. Оның сәтті қалпына келтіруі біреуді аутентифицирлейді, яғни құпия кілтін білетінге.
6. Қабылдап алушы мәтіннен электронды қол қоюды бөліп тастайды.
7. Қабылдап алушы хаттаманың бүтіндігі үшін осы екі электронды қол қоюды салыстырады.

Бұл әдістемеде шифрлейтін және шифрді ашатын кілттер бірге шығарылғанмен екі түрлі болады. Бір кілт барлығына белгілі етіп жасалады, ал екіншісі құпияда болады. Мәліметтер, бір кілтпен шифрленсе тек қана екінші кілтпен ашылады.

Барлық симметриялық емес криптожүйелер кілттің тікелей шегіну жолының шабуыл объектісі болып табылады, сондықтан оларда қорғаудың эквивалентті көрсеткішін қамтамасыз ету үшін симметриялық крипто жүйелерде пайдаланатындарға қарағанда ұзын кілт қолдану қажет. Брюс Шнейер "Прикладная криптография: протоколы, алгоритмы и исходный текст на С" атты кітабында № 1-ші кестедегідей келесі кілттің эквивалентті ұзындығы жайында мәліметтерді көрсеткен.

№ 1 кесте.

Симметриялық кілттің ұзындығы	Симетриялық емес кілттің ұзындығы
56 бит	384 бит
64 бит	512 бит
80 бит	768 бит
112 бит	1792 бит
128 бит	2304 бит

Симметриялық емес шифрлеу алгоритмдерінің төменгі жылдамдығы-нан қашу үшін, уақытша симметриялық кілт әрбір хаттама үшін қуат береді және ол тек симметриялық емес алгоритммен шифрленеді. Хаттаманың өзі әуелде жазылған шифрлеу/шифрді ашу алгоритмдері және осы уақытша сеансты кілті пайдаланумен шифрленеді. Сосын осы қабылдап алушының сеансты кілт ашық симметриялық емес кілттің көмегімен шифрленеді. Осыдан соң мына шифрленген сеансты кілт шифрленген хаттамамен қабылдап алушыға беріледі. Қабылдап алушы сол симметриялы емес алгоритм шифрлеуін пайдаланады және өзінің құпия кілтін сеансты кілтті ашу үшін, ал қабылданған сеансты кілт хабарламаның шифрін ашу үшін қолданылады.

Симетриялы емес криптожүйелерде өздері жабдықтайтын сеансты және симметриялық емес кілттер қауіпсіз көрсеткіштер қатынасына сәйкес келеді. Симметриялы емес ашық кілттер оларды ауыстыру қиын болғандықтан тікелей шабуылға осал болады. Егер шабуыл жасаушы құпия симметриялық емес кілтті біліп қалса, онда тек қана кезектегі емес сонымен қатар жіберуші мен қабылдап алушының арасындағы байланыстарының беделі түседі.

Симметриялы емес кілттерді пайдалану реті:

1. Симметриялы емес ашық және құпия кілттер қауіпсіз құрылып, таралады. Құпия симметриялы емес кілт оның иесіне беріледі. Ашық симметриялы емес кілт мәліметтер қорында сақталады және сертификат беретін орталықпен басқарылады. Пайдаланушылардың осындай жүйеде қауіпсіз құрылу жүретіндігінде сену қажет. Бұдан басқа, егер кілтті өндіруші және оларды басқаратын тұлға немесе жүйе ғана емес болса, онда соңғы пайдаланушы кілтті өндіруші шың мәнінде көшірмелерін жойып тастағанына сену қажет.
2. Мәтіннің электронды қол қоюы хэш-функцияның есептеу көмегімен жасалады. Алынған мәндер жіберушінің симметриялық емес құпия кілтінің пайдалануымен шифрленеді, ал содан соң алынған символдардан тұратын жол берілетін мәтінге қосылады (тек жіберуші ғана электронды қол қоюды шығара алады).

3. Симметриялық құпия кілті шығарылады, ол тек осы хаттама үшін шифрленуге пайдаланатын немесе өзара байланысу сеансында пайдаланады, сосын шифрлеу/шифрлемеу симметриялық алгоритмінің көмегімен және осы кілтті негізгі мәтін шифрленеді, осыған қосылып электронды қол қою қосылғанда шифрленген мәтін шығады.
4. Енді хаттаманы алатынға сеансты кілтті беру проблемасын шешу қажет.
5. Жіберуші симметриялы емес ашық кілтті сертификат беретін орталықтан алу қажет. Осы ашық кілтті алу үшін шифрленбеген сұраныстарды ұстап алу шабуылдың кең таралған формаларының бірі болады. Ашық кілттің нақты дәлелденген бүкіл сертификат жүйелері болуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық қорғаныстың құрылу жүйесінің мақсаттары?
2. Құқықтық қамсыздандыру дегеніміз не?
3. Симметриялы емес (ашық) әдістеменің жұмыс негізін түсіндіріңіз**?**
4. Симметриялы емес кілттерді пайдалану ретін атаңыз?.
5. Қорғау объектісінің анализінің этаптарын атаңыз

Дәріс№9.

Тақырыбы:Компьютерлік жүйені бұзу тәсілдері.

Мақсаты: Компьютерлік жүйені бұзу тәсілдерімен таныстыру.

Жоспар:

9.1 Компьютерлік жүйені бұзу тәсілдері.

9.2 Мәліметтер қорын басқару жүйесі дәрежесінде шабуыл жасау.

9.3. Операциялық жүйе дәрежесінде шабуыл жасау.

9.4. Желілік бағдарламалық қамтамасыз ету дәрежесінде

шабуыл жасау.

Кілттік сөздер: Мәліметтер қорын басқару жүйесі, операциялық жүйе дәрежесінде және желілік бағдарламалық қамтамасыз ету дәрежесінде шабуыл жасау.

9.1. Компьютерлік жүйені бұзу тәсілдері.

Жалпы жағдайда әмбебап компьютерлік жүйені бағдарламалық қамтамасыз ету негізгі үш компоненттен тұрады: операциялық жүйе, желілік бағдарламалық қаматамасыз ету (ЖБҚ) және мәліметтер қорын басқару жүйесі (МҚБЖ). Сондықтанда компьютерлік жүйе қорғанысын бұзу әрекетін үш топқа бөлуге болады:

- Операциялық жүйе дәрежесінде шабуыл жасау;

- Желілік бағдарламалық қаматамасыз ету дәрежесінде шабуыл жасау;
- Мәліметтер қорын басқару жүйесі дәрежесінде шабуыл жасау;

9.2. Мәліметтер қорын басқару жүйесі дәрежесінде шабуыл жасау.

МҚБЖ-ны қорғау ең қарапайым тапсырмалардың бірі. Бұл МҚБЖ-де қатаң ішкі құрлымның болуы және МҚБЖ элементтерімен әрекеттер жеткілікті анық берілгендігімен байланысты. Төрт негізгі әрекеттер бар – элементті іздеу, қою, жою және алмастыру. Қалған әрекеттер қосымша болып табылады және өте сирек кездеседі. МҚБЖ-нің қатаң құрлымы мен нақты анықталған әрекеттердің бар болуы мәліметтер қорын басқару жүйесін қорғау тапсырмасын жеңілдетеді. Көптеген жағдайда хакерлер компьютер жүйесінің қорғанысын операциялық жүйе дәрежесінде бұзуды және операциялық жүйенің көмегімен мәліметтер қорын басқару жүйесінің файлдарына енуге рұқсат алуды таңдайды. Ондай жағдайда МҚБЖ жеткілікті сенімді қорғау механизмі жоқ болса, немесе МҚБЖ-нің жаман тестіленген түрі болса, немесе қатесі бар, немесе МҚБЖ қауіпсіздігі администраторынан қате кеткен болса хакерге мәліметтер қорын басқару жүйесін бұзуға көмектеседі.

Сонымен қатар қоғану үшін арнай тәсілдер қолдану керек. МҚБЖ-не шабуылдың арнайыланған екі сценариі бар. Бірінші жағдайда МҚБЖ-нің сандық алаңдарымен арифметикалық операциялардың нәтижесі аз жағына қарай дөңгеленіп, ал айырмашылық МҚБЖ-дегі басқа мәліметпен қосылып кетеді. Екінші жағдайда хакер МҚБЖ-нің алаңдарындағы мәліметке енуге рұқсат алады. Хакерлердің МҚБЖ-не шабуыл жасауының мақсаты – статистикада жиналатын көптеген жазбалардың тек қана бір жазбадан құралуы үшін сұраныс формуласын құрастыру.

9.3. Операциялық жүйе дәрежесінде шабуыл жасау.

Операциялық жүйені қорғау МҚБЖ-не қарағанда анағұрлым қиынырақ. Қазіргі кездегі операциялық жүйелердің ішкі құрлымдары қиын болағндықтан қорғанудың адекватты саясаты көрнекті түрде қиындау тапсырмасы болып табылады. Бұндайдан бейхабар адамдардың ойынша операциялық жүйеге ең тиімді шабуыл жасау бұл тек қиын амалдардың көмегімен жүзеге асады және хакер ең жоғарғы квалификациялы программист болуы керек. Осы немесе басқа хакерлердің шабуыл жасау алгоритмдері тәжірибе жүзінде, осы шабуылдың объектісі болып табылатын,операциялық жүйенің нақты конфигурациясына және архитектурасына байланысты. Сонымен қатар іс-тәжірибе жүзінде кез-келген операциялық жүйені азаптайтын шабуылдар бар:

- Құпия сөзді (парольді) ұрлау:

- Операциялық жүйе жұмысына рұқсат беретін құпия сөзді қолданушы енгізген кезде қарап отыру (тіпті құпия сөзді енгізу кезінде экран дисплейінде құпия сөз шықпасада, хакер қолданушы саусақтарының пернетақтадағы қозғалысына қарап оңай шеше алады);
- Құпия сөздер туралы ақпараттар бар сыртқы жинақтаушыны ұрлау (дискеттер немесе операциялық жүйеге кіруге арналған қолданушының құпия сөздері сақталған электронды кілттер);
- Құпия сөздің барлық нұсқауларын толық қарап шығу;

9.4.Желілік бағдарламалық қамтамасыз ету дәрежесінде шабуыл жасау.

Желілік бағдарламалық қамтамасыз ету әлсіз болса, хабарлама жіберген кезде осы каналға енуге рұқсаты бар барлық қолданушы оны жолдан ұстап алып өз нұсқасын жібере алады. Сондықтанда, желілік бағдарламалық қамтамасыз ету дәрежесінде шабуылға келесідей мінездеме беруге болады:

- Жергілікті желі сегментін тыңдау (бір жергілікті желінің сегменттері арасында құрылған компьютерлер сол жергілікті желідегі басқа компьютерден хабарлама ала алады немесе осы сегменттегі компьютерлер арасындағы барлық ақпараттарға өзгерту енгізуге не олардың ішіне енуге болады);
- Жалған маршрутизатор құру (хакер желіге өзінің арнайы хабарламасын қосып, өз компьютерін желінің маршрутизаторы ете алады, содан соң ол арқылы өтетін барлық хабарламаға енуге рұқсат алады);
- Хаттамамен мазалау (хаттама желісіне жалған желілік адреспен хаттама жіберіп, хакер өз компьютеріне желілік байланысты жүктейді, нәтижесінде қолданушы құқығын алады);

Бақылау сұрақтары:

1. Компьютерлік жүйе қорғанысын бұзу неше топқа бөлінеді?
2. Мәліметтер қорын басқару жүйесі дәрежесінде шабуылдың екі сценарийін атаңыз?
3. Операциялық жүйеге жасалатын шабуылдарды атаңыз?
4. Желілік бағдарламалық қамтамасыз ету дәрежесінде шабуылға мінездеме беріңіз?

Дәріс№10.

Тақырыбы:Ақпаратты қорғау дұрыстығының әдістемесі.

Мақсаты: Қорғау жүйелерінің дұрыстығын зерттеуді қарастыру.

Жоспар:

10.1 Қорғау жүйелерінің дұрыстығын зерттеу

10.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің қамсыздандырулары

Кілттік сөздер: Ақпараттық қорғаныстың құрылу жүйесі, құқықтық қамтамасыздандыру, қорғау объектісінің анализі.

10.1 Қорғау жүйелерінің дұрыстығын зерттеу

Қорғаныс саясаты – бүкіл белгілер өз жұмысында пайдаланатын қорғаныс аймағындағы басқару ережелері мен практикалық амалдар жиыны.

Ақпараттық қорғаныстыңәдістері мен құрылу тәсілдері. Және оның құрылысы. Ақпараттық қорғаныстың құрылу жүйесі (АҚҚЖ) Аж және АТ келесідей мақсаттан тұрады;

1. Өзара байланысқан жүйелік құрылуға жақын келетін ұйымдық, бағдарламалық, ақпараттық, физикалық және басқа қасиеттерді білдіретінүйлесімді үйлестіруді және барлық технологиялық қолданылатындардың цикл кезеңі.
2. Жүйенің толассыз дамуының принципі. Бұл принцип компьютерлік ақпараттықжүйелермен негіз болатын, жәнеде АҚҚЖ үшін көбірек өзекті.
3. Үнделетін хабардың бүлінуі және минимализация жасауы рұқсатпен және өңдеу процедураларына, т.б. пайдаланушыларға ьеру сияқты және сол қызметкерлердің өздерімен АЖ-ң қатал өкілеттердің минимумы, олардың орындалуға арналған жеткіліктердің өз қызмет міндеттері.
4. Толықтық бақылаудың және бекітілмеген рұқсат әрекеттерінің тіркеулері, т.б. әрбір падаланушының құру қажеттілігі және протоколданатын оның әрекеттерін өткізуге арналған ИТ-та іске асыру мүмкіншілігінің кез келгені оның алдын ала тіркеусіз өңдеу операциясы.

10.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің қамсыздандырулары

Құқықтық қамтамасыздандыру.

Заң шығарушылардың жиыны нормативті-заңды құжаттардың, міндетті ортасында жайлардың, нұсқаулардың, басшылықтың талаптары ақпарат жүйесінде қорғанысы.

Ұйымдық қамтамасыздандыру.

Бұл ақпараттың қауіпсіздік орындалуы айқын құрылысты бірліктер жүйесінде асады солармен, мысалы, қауіпсіз қызмет сияқты фирмалар және оның құрама құрылымының: тәртібі, күзет және т.б.

Ақпараттық қамтамасыздандыру.

Өзіне қосылғанмәліметтердің, көрсеткіштері, параметрлері, осы мақсаттар шешімі негізіне жататын, СИБ жұмысын қамтамасыздандыру.

Техникалық (аппараттық) қамтамасыздандыру.

Техникалық құралдардың кең қолдануы ақпаратты қорғауға арналған, сол сияқты СИБ да қорғауға арналған.

Бағдарламалық қамтамасыздандыру.

Әр түрлі ақпараттық, еспетік, статистикалық және есеп айыратын бағдарлама торында болуға бағалауды қамтамасыздандыру және әртүрлі каналдардың қауіп қатерлері және ақпараттың бекітілген рұқсат тәсілдері.

Математикалық қамтамасыздандыру.

Бұл – математикалық әдіс, әртүрлі есеп-қисаптармен жұмыс жасайтын, техникалық құралдар қауіп-қатерімен баланысқан, қасконемедерді жалғастырады, аймақ және қажетті қорғаныш нормалары.

Лингвистикалық қамтамасыздандыру.

Мамандардың арнайы тілдік қатынасы және пайдалунышылардың ақпараттық қауіпсіздік ортасынад қамтамасыз ету.

Нормативті-әдістемелік қамтамасыздандыру.

Мұнда нормалар және органдардың қызмет тәртіптері, қызметтердің, құралдардың, іске асушы функцияның ақпарат қорғаныштары, әртүрлі әдістемелер түрлері, пайдаланушыларды қамтамасыз етуші өз жұмысын орындауы жөнінде жасырын талаптарды сақтаулар.

Қорғау объектісінің анализі бірнеше этаптардан тұрады:

Бірінші кезең

Анықтамадан тұратын, не керек қорғау:

- ақпарат анықтамалары, қорғанышқа мұқтаж;
- ең маңызда элементтер /сындар/ ақпаратпен қорғалған;
- сын ақпарат мерзімі анықталады /уақыт, кажетті табылған ақпарат орындауына арналған бәсекеліге/;
- ақпарат маңызды элементтермен анықталады /индикаторлар/ мәлімдеулердің қайтарушы мінез-құлқымен қорғалады;

Екінші кезең.

Қорқытулардың алдын ала ескерту табуы:

- кімді қорғайтын анықтаманы қызықтыратының анықтайды;

- әдістерді бағалайды, бәсекешілермен қолданылатындар мына анықтаманы алуына арналған;
- хабар келулері болуы мүмкін каналдарды бағаланады;
- бәсекеші әрекеттерінің қиылысымен шаралардың жүйесі өңделеді.

Үшінші кезең.

Өткізілудің қауіпсіздік қамтамасыз етуі қабылданған және тұрақты жұмыс істейтін ішкі жүйелерінің нәтіжелік талдауы /физикалық қауіпсіздік, құжатнамалар, қызметші сенімділік, қауіпсіздік қолданылатындарының байланыс ақпарат тапсыруына арналған/.

Төртінші кезең.

Қорғаныш қажетті өлшемді табады. Негізінде өткізілгендердің аналитикалық зерттеулердің бірінші үш кезеңі кіріскен іс қауіпсіздігі қамтамасыз етуімен қажетті қосымша өлшемдер және құралдарды дағдылайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық қорғаныстың құрылу жүйесінің мақсаттары?
2. Құқықтық қамсыздандыру дегеніміз не?
3. Техникалық қамсыздандыру дегеніміз не?
4. Нормативті-әдістемелік қамтамасыздандыру.
5. Қорғау объектісінің анализінің этаптарын атаңыз

Дәріс№11.

Тақырыбы:Ақпаратты қорғау жүйесіне баға беру.

Мақсаты: Желідегі ақпаратқа қауіп жергілікті желідегі ақпаратты қорғау негіздерімен таныстыру.

Жоспар:

11.1 Жүйелілік ұғымы

11.2 Жүйелендіру әдістемесі және комплексті ақпаратты қорғау жүйесіндегі АҚКЖ

Кілттік сөздер: ақпаратты қорғауды бағалау деңгейі, ақпаратты қорғауды компьютерлік жүйесі(АҚКЖ).

11.1 Жүйелілік ұғымы.

Жүйелілік ұғымы қорғаныс механизмдері сияқтыларда ғана емес , сонымен қатар ол АЖ барлық өмірлік кезеңдеріндегі этаптарын жүзеге астатын жүйелі процес ұсынады. Сонымен қатар барлық ақпаратты қорғау құралдары, әдістер мен шаралар бір тұтас қорғау

механизмі – қорғау жүйесіне бірігеді. Өкінішке орай ақпараттық технологияның қауіпсіздігін комплексті қамтамасыз ету қажеттілігі қазіргі АЖ пайдаланушыларынан тиісті түрде түсінік ала алмай жатыр. Сонымен қатар ақпаратты қорғау жүйесінің құрылысы жәй қорғаныс құралдарын таңдаумен шектелмейді. Мұндай жүйелерді құруда айқын арналған теориялық білімдер қажет болады, атап айтқанда:

- Қорғалған ақпараттық жүйе өзімен не ұсынада;
- Ақпаратты қорғау жүйесі дегеніміз не және оған қандай талаптар қойылады;
- Ақпараттық технологияның қауіпсіздігін бұзатын қандай себептер түрлері бар;
- Қандай қорғаныс функциялары бар және олар қандай түрде болуы керек, олар қалай қауіпсіздікті бұзу себептерін жояды;
- Комплексті ақпаратты қорғау жүйесін қалай құрады;

11.2. Жүйелендіру әдістемесі және комплексті ақпаратты қорғау жүйесінде (АҚКЖ) қаралатын экспертті білім талаптарының ұсынулары.

Белгілі жолдар мен әдстемелер қорғауды бағалау деңгейі АҚКЖ -ң жеке элементтерінің көрсеткіштерінен байқалады, бірақта осы уақытқа дейін АҚКЖ ң есепке алынған логикалық және функционалдық талаптарының жеткілікті толық бағалаулары өткізілген жоқ. Әдеби талдау негізінде, нормативті құжаттарды, мақалаларды және де басқа материалдарды, сонымен қатар практикалық істелінген жұмыстарды есепке ала отырып келесі жүйелендіру әдістемесі мен АҚКЖ – де қаралған экспертті білім талаптары ұсынылады.

АҚКЖ үлгісі көрсеткіштің негізгі блок түрінде берілген:

«негіздер» көрсеткіш блогы;

«бағыттар» көрсеткіш блогы;

«кезеңдер» көрсеткіш блогы.



НЕГІЗДЕР көрсеткіштер блогы (Оі)

АҚКЖ ИССН құруындағы өткізілген талдау қорытындысы көрсеткендей, жүйенің НЕГІЗІ немесе құрама бөлімі (1 сурет), соның ішінде ақпаратты қорғау жүйесі болып табылатындар:

- Заң шығарушы, нормативті-заңға сүйенген және ғылыми база;
- АЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылымы және органдардың (бөлімшелердің) мақсаттары;
- Ұйымдық-техникалық және тәртіп шаралары (ақпараттық қауіпсіздік саясаты);
- Бағдарламалық – техникалық тәсілдер мен құралдар.

Көрсетілген АҚКЖ көрсеткіштерін келесідегідей түрде белгілейміз:

01 – нормативті құқықтық және ғылыми база сапалығы;

02 – құрылым толықтығы және қорғаныс қамтамасыз ететін органдар мақсаты;

03 – ұйымдық шаралар мен ақпарат қорғау әдістерінің (қауіпсіздік саясаты) сапалығы;

04 – бағдарламалық-техникалық тәсілдердің және қорғау құралдарының сапалығы.

БАҒЫТ көрсеткіштерінің блогы (Hj)

Белгілі әдістермен жүргізілген тәжірибеде және КСЗИ бағалауындағы БАҒЫТ тәжірибесінде көрсетілгендей ақпаратты қорғау әдістерін ерекшелеуге рұқсат етіледі. Бұл бағыттар 3.3. суретінде графикалық түрде бейнеленген.

Көрсеткіштерін белгілейік:

H1- ИССН объектілерін қорғау деңгейі;

H2 – қорғау процестерінің, процедуралардың және ақпаратты өңдеу бағдарламаларының деңгейі;

H3 – байланыс каналдарын қорғау деңгейі;

H4 – қосымша электр-магниттік сәулелердің басу деңгйі;

сапалығы.

КЕЗЕҢДЕР көрсеткіштерінің блогы (Mk)

Көрсетілген кезеңдерді көрсеткіштер түрінде көрсетейік:

M1 – қорғауға жататын ақпараттар анықтамасының толықтығы;

M2 – потенциалды мүмкін қиындықтар мен ақпараттық кемулер каналдарының табылу толықтығы;

M3 – осалдылыққа өткізілген бағалаулар және ақпаратқа қиындық тудырушы каналдардың тәуекелділігің сапалығы;

M4 – қорғаныс жүйесіне қойылатын талаптар анықтамасының сапалығы;

M5 – ақпаратты қорғау құралдарының сипаттамасының және таңдалу сапалығы;

Кезеңдер небір көбірек пунктілерге (қадамдарға) бөліне алады. «КЕЗЕҢДЕР» көрсеткіштерінің жалпы санын Mk деп белгілейміз (мұнда, k – 1 ден n - дейін).

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық қауіпсіздік жүйесіне не жатады?
2. Ақпараттық қауіпсіздіктің бағыттары?
3. Ақпараттық қауіпсіздіктің бағалауға жататын кезеңдерін атаңыз?

Дәріс№12.

Тақырыбы:Ақпаратты қорғаудың компоненттері.

Мақсаты: Қандай қорғаныс жүйелерін таңдау, құпия сөзді қолдануды қарастыру.

Жоспар:

12.1 Қорғаныс жүйесін таңдау.

12.2 Құпия сөздерді қолдану.

12.3. Қарапайым қорғаныс шаралары.

Кілттік сөздер: құпия сөз, DES мемлекеттік шифрлеу стандарты.

12.1. Қорғаныс жүйесін таңдау.

Кез-келген компьютерлік жүйе идеальды бола алмайды, яғни сіздің дербес компьютеріңізді толықтай қорғаныспен қамтамасыз ете алмайды. Деректерді өзгелердің қолына түсуден 100% сақтау тек жойып жіберу арқылы іске асады. Қорғаныс дәрежісі жоғарылаған сайын оны айналып өту тәсіліде талап етіледі. Қорғаныс амалын таңдау

жеткілікті дәрежеде қорғаныспен қамтамасыз ету керек, сонымен қатар келеңсіздіктер тудырмауы керек. Әрбір қолданушы өзіндік тәуекел анализін жүргізіу және де қандай қорғаныс амалын таңдау керек екенін білуі керек. Дербес компьютерлер үшін тәуекел анализінің үш түрі бар: автономдық жүйенің анализі, яғни бір компьютердің, жергілікті жүйе анализі және ауқымды желімен (мысалға Internet) байланысқан жойылған рұқсаты бар жүйе анализі.

12.2. Құпия сөздерді қолдану.

Құпия сөздерді қолданудың мақсаты келесілермен анықталады: егерде біреу сіздің деректеріңізбен немесе аппараттық амалдарыңызбен байланысқысы келсе, құпия сөздер оған көптеп кедергі кедтіру керек. “Маңдай кедергісі” құпия сөзіне шабуыл жасау кезінде біреуі сәйкес келгенше барлық мүмкін болатын құпия сөздер комбинациясы тексеріледі. Құпия сөз ұзындығы өскен сайын, көп уақыт кететін болғандықтан шабуылда қиындайды. Әрине көптеген банктер тек төрт разряздты (PIN) кодтарды қолданып қана қоймайды, сонымен қатар қорғанысты күшейтудің басқада амалдары қолданылады, мысалға, видеокамералар және карточкаларды жауып тастайтын АТМ-дер.

12.3. Қарапайым қорғаныс шаралары.

Көп жылдан бері қолданып келе жатқан бағалы ақпаратты қорғау үшін қиын емес амалдар бар. DOS және оның алдындағы операциялық жүйеде файлдарды толығымен жоймай жойылған файлдарды сақтайды. Жою кезінде қарапайым FAT іске қосылады: файлдың аты шынайысыз болады және файл жазылған сектор бос болып тұрады. Бұл жойылған файлдарды кейбір кең таралған утилиттердің көмегімен қалпына кетіруге болатынын дәлелдейді (мысалға, undelete).

Бақылау сұрақтары:

1. Қорғаныс жүйесін таңдау дегеніміз не?
2. Құпия сөзді қолданудың мақсаты?
3. Қандай қорғаныс шараларын білесіз?

Дәріс№13.

Тақырыбы:Компьютерлік желілердің қауіпсіздік ерекшеліктері.

Мақсаты: Компьютерлік желідегі қауіпсіздік ерекшеліктерімен және желі арқылы таралатын шабуылдармен таныстыру.

Жоспар: 13.1 Компьютерлік желілердің қауіпсіздік ерекшеліктері

Кілттік сөздер: желідегі қауіпсіздік, каналдарға рұқсатсыз ену, каналдан ақпараттың ағып кетуі.

13.1 Компьютерлік желілердің қауіпсіздік ерекшеліктері

Кез-келген желілік жүйенің ерекшелігі, оның компоненттері кеңістікте орналасады, ал олардың арасындағы байланыс физикалық түрде болады(коаксикальды кабель, витая пара,оптоволокно және т.б.) және бағдарламалық түрде хабарландыру механизмі көмегімен. Есептеуіш жүйенің объектілерінің арасындағы байланыс желілік байланыс бойынша ауыстыру пакеті ретінде жіберіледі.

Желілік жүйелерге жергілікті шабуылдан басқа желілік шабуылдар да жасалады. Оладың ерекшелігі біріншіден, қарақшы шабуыл жасалатын объектіден мыңдаған километр жерде орналасуы мүмкін, екіншіден шабуыл жеке компьютерге емес, желімен берілетін ақпаратқа жасала алады. Жергілікті және ауқымды желілердің дамуына байланысты алыстан шабуыл жасау қолданылуына қарай ең жоғарғы көрсеткіштер көрсетуде.

Алыстан шабуыл деп есептеуіш жүйеге байланыс каналы бойынша бағдарламалық түрде жүзеге асатын ақпараттық зақым келтіретін әсерді айтады.

Ақпаратты қорғау – ақпаратты ағып кетуден, ұрлаудан, өзгертуден, рұқсатсыз көшіру мен жоюдан қорғау мақсатында жасалатын әрекеттер жиыны. Ақпаратқа қауіп техникалық жағынан да келетін болғандықтан, келесі жағдайларды ескеру қажет: сервер сенімділігі, винчестер жұмысының кемшіліктері, қолданылған бағдарламалық жабдықтың кемшіліктері және т.б.

Дербес компьютермен жұмыстан желідегі жұмысқа өту ақпараттық қорғаныстың келесі себептер бойынша қиындатады:

1. желідегі қолданушылардың саны және олардың ауысуы. Құпия сөз және атау қою желіні бөгде адамның кіруінен қорғай алмайды;
2. желінің сөзылымы және желіге енудің потенциалды каналдарының көп болуы;
3. ақпараттық және бағдарламалық жабдықтардың кемшліктері, олар қолдану кезінде анықталады. Соның ішінде қуатты желілік ОЖ Windows NT немесе NetWare ақпарат қорғанысың дұрыс қондырылмауы.

Үлкен қашықтықты қамтитын желінің коаксикальды қабельді бір сегментінде проблеманың тереңдігін байқау үшін сур. 13.1 назар аударыңыз. Желіде ақпаратқа еніге мүмкіндік беретін каналдардың көптігі көрінеді. Желідегі барлық құрылғы электромагниттік сәулеленудің көз болып табылады, себебі сәйкес алаңдар нашар экрандалған.. Кабельдік желінің жерде болуы желідегі ақпаратқа енуге рұқсат береді. Коаксикальды немесе витая пара кабельдерін пайдалану, кабельдік жүйеге физикалық түрде қосылуға мүмкіндік береді. Желіге енетін құпия сөз белгілі болып немесе табылған болса, желіге ену файл-серверден немесе жұмыс станциясынан мүмкін болады. Сонымен қатар, желіден тыс каналдардан ақпарат ағып кетуі мүмкін:

- ақпарат тасымалдаушылардың қоймасы,

- құрылыс конструкциялары және терезелер, микрофондық эффект көмегімен құнды ақпаратттың ағып кетуіне себеп болады.,
- телефондық, радио-, және басқа да проводты және проводсыз каналдар (соның ішінде ұялы байланыс каналдары).

Компьютерлік желідегі ақпаратқа рұқсатсық енудің каналдары мен орындары Интернет арқылы таралатын желілік шабуылдардың классификациясы:

- Сниффер пакеттері – promiscuous режимінде жұмыс жасайтын желілік картаны пайдаланатын қолданбалы бағдарлама.
- IP-спуфинг– корпорацияда немесе одан тыс жерде бола тұрып хакер өзін рұқсатты қолданушы ретінде ақпаратқа қол жеткізуі.
- Парольді шабуылдар – Рұқсаты бар қолданушының паролімен желіге ену мүмкіндігі.
- Қосымшалар деңгейіндегі шабуылдар .
- Вирустар және "трояндық ат".

Бақылау сұрақтары:

1. Компьютерлік желілердің қауіпсіздік ерекшеліктері қандай?
2. Қандай себептер компьютермен жұмыстан желідегі жұмысқа өтуде ақпараттық қорғанысты қиындатады?
3. Интернет арқылы таралатын желілік шабуылдардың классификацияларын атаңыз?

Дәріс№14.

Тақырыбы:Ауқымды желідегі ақпаратты қорғау.

Мақсаты: Интернет желісіндегі және электрондық поштадағы ақпаратты қорғау негіздерімен таныстыру.

Жоспар:

14.1 Internet желісінде ақпаратты қорғау

14.2 Электрондық поштаны қорғау

Кілттік сөздер: Internet желісі, Левин ісі, электрондық поштаны қорғау.

14.1 Internet желісінде ақпаратты қорғау

Internet желісінің бірегейлігі қандайда бір физикалық тұлғаның немесе жекеменшік компанияның, мемлекеттің немесе жеке елдің меншігінде еместігі. Сондықтанда іс-тәжірибе жүзінде оның барлық сегменттерінде орталықтан басқару және де басқа ақпараттарға бақылау жасау тәсілдері жоқ. Осының нәтижесінде тәжірибе жүзінде қылмыскерлер қолданатын кез-келген ақпаратқа кіру мүмкіндігі шектелмейді. Internet

желісін тек компьютерлік қылмыстың орындалу құралы ретінде қарамай, сонымен қатар әр түрлі қылмыстық іс-әрекеттің енгізілу ортасы деп те айтуға болады.

Internet желісін қолдану кылмыстық іс-әрекетте заң бұзушылар үшін қылмыстық ақпаратты алмасуға шақырады. Бұрын бүкіл әлеммен байланысу барлық державаның тек қана арнайы қызметкерлерінің мүмкіндіктері болды, олар қажетті ғарыштық технология болды. Internet желісінің қылмыскерлер үшін тағыда бір ерекшелігі ауқымды масштабта адамдарға ақпаратты-психологиялық әсер ету. Қылмыстық қоғам өзінің доктриндерінің және білімдерінің таралуына көңіл бөледі және қоғамдық ойларды тыңдайды, қылмыстық әлем өкілінің позициясының бекуіне және құқық қорғау органдарының беделін түсіруге жұмыс жасайды.

Бірақ та Internet желісі қылмыстың орындалу құралы ретінде айтарлықтай қызығушылық көрсетті (көбіне экономика және қаржы сферасында). Ең қарапайым нұсқауы бұл авторлық құқықты бұзумен байланысты қылмыс. Осындай қылмыс түрлеріне бірінші кезекте иемденуші компанияның серверінде орналасқан бағдарламаны заңсыз көшіру және сату жатады. Қылмыстың екінші тобына тауарды және қызметті ресми емес түрде алу, яғни әртүрлі телефон компаниялары төлейтін қызметті ақысыз пайдалану. Қызметтерді заңсыз пайдаланудың басқа тәсілдерінің негізіне, осы қызметті көрсететін компаниялардың мәліметтер қорынан осы қызмет туралы мәліметтерді модификациялау жатады. Мұндай қылмыстар түріне несиеге алынған зат туралы ақпаратты заңсыз пайдалану немесе оны жойып жіберу, не басқа төленген қызметтің орнына жіберу болып табылады.

Internet желісінде қылмыскерлердің көптеп пайда болуының алғы шарты компьютерлік желінің өсуімен ақпараттың бағалы тауарға айналуы. Әсіресе бұл банк сферасында ақша салу мен ақша салушы мәліметінде, банк пен клиенттің қаржылық жағдайы, банк саясаты аумақтарында кездеседі. Несиелік-қаржылық субъекттің қазіргі кездегі шарттарына байланысты ақпарат алмасудың болуы, және сонымен қатар банктік алшақталған филиалдарымен байланысып отыру үшін Internet желісі қолданылады. Бұл қылмыскерлерге құпия ақпараттарға енуге нақты шанс беріп отыр. Қылмыскерлердің бұндай ақпараттарды жойып жіберуі мекememен бәсекелестіктен туындайды. Internet ағымы арқылы орындалатын компьютерлік қылмыстардың қосымша сферасында электронды банктік есептердің шығуымен қылмыста күшейді. Электронды түрдегі ақпаратты алудың әр түрлі тәсілдері бар. Банктегі клиенттермен есеп айырбастайтын ақпаратты қылмыскерлердің басқаруы, электронды банктік есептегі алгоритмнің өзіне өзгеріс енгізу және т.б. Мысалы, валютаның курсын өзгерту, банк валютасын клиенттерге қымбат бағамен, ал банкке төмен бағамен жасап арасындағы ақшаны

қылмыскерлердің өзіне қалып отыруы. Қаскүнемдердің корпоративтік компьютерлік желілеріне заңсыз кіруімен байланысты Интерполдың қарастырған Левин ісі деп аталатын өте маңызды трансұлттық компьютерлік желілік қылмысы нәтижесінде американдық Сити-банк 400 мың долларынан айырылды, сондықтан бұндай қылмыстар тек компьютерлік мәліметтерді өңдеу аумағындаға мамандарды ғана емес сонымен қатар компанияның бастықтарының да назарын аударды. Соңғы кездерде кеш болса да барлық мекемелер өз компьютерлерінің бүкіл әлемдік Internet желісіне шығуға мүмкіндік алғанда қандай тәуекелге баратынын түсінді. Олар қаскүнемдердің барлық ұсталары (мамандандырылған бұзушылар және ұрылар, кекті бағынушылар немесе бәсекелестер) алдында тәуекелге барады және де оларды төмендегідей метериалдық шығынға ұшыратады. Нәтижесіде компьютерлік желілердегі ақпаратты қорғауда, нақты құралдарды таңдау негізгі роль ойнайды.

- Компьютерлік жүйеде сақталған ақпараттың бағалылығын анықтау;
- Қаскүнем компьютерлік жүйенің қорғанысын жеңу үшін қолданылатын уақыттық және қаржылық шығын бағасы;
- Компьютерлік жүйеге шабуылдаған кездегі қаскүнем қылығының ықтималдық моделі;
- Ұйым үшін компьютерлік жүйені адекватты қорғауға қажетті уақыттық және қаржылық шығын бағасы.

14.2 Электрондық поштаны қорғау

Көптеген электронды пошталар оқуға болатын мәтіндік түрде Интернет хаттамалары немесе басқада ауқымды желілер арқылы жіберіледі. Электронды коммуникацияның конфеденциалды түрі туралы заң сіздің электронды поштаңызды қарапайым телефон қоңырауына теңейді.

Хакерлер сіздің электронды поштаыңзға енуге әртүрлі тәсілдерді қолданады, ал сіздің деректеріңіз шифрленген болса, ол электронды поштаға кіргенмен оны оқи алмайды. Егер сізге құпия ақпаратты қорғау керек болса, онда жіберу алдында шифрлеу үшін PGP-ны қолданыңыз.Compaq компаниясы қол жетерлік бағадағы саусақтардың ізі бойынша қолданушылар идентификациясына негізделген бағдарламалық-аппараттық шешім шығарды. Биометрикалық ақпараттық анализ технологиясын қолдана-тын бұл құрылғы соңғы технологияның жетістіктерімен сәйкестендрілген және ол diskpro дербес компьютері, Armada қол компьютері және Compaq фирмасынан шыққан жұмыс станцияларымен бірлесіп жұмыс жасайды. Бұл шешім желідегі ақпаратты қорғау жүйесінің сенімділігін арттырады, жүйеге кіру кезіндегі қолданушының тіркелу

процедурасын жеңілдетеді және ірі корпоративтік желіні басқарумен байланысты шығындарды қысқартады

Бақылау сұрақтары:

1. Интернет желісіндегі қылмыстың қандай түрлерін білесін? Мысал келтіріңіз?
2. Интернет желісіндегі қылмыскерліктің көбеюін қалай түсіндіре аласыз?
3. Электрондық поштаны қалай қорғауға болады?

Дәріс№15.

Тақырыбы:Компьютерлік жүйелер қауіпсіздігі.

Мақсаты: Желідегі ақпаратқа қауіп жергілікті желідегі ақпаратты қорғау негіздерімен таныстыру.

Жоспар:

15.1 Желі қауіпсіздігінің моделі

15.2 Жергілікті желідегі ақпаратты қорғау

15.3 Рұқсатсыз кіруден қорғауды тану

Кілттік сөздер: желілік шабуыл, актив және пассив шабуыл, желілік қауіпсіздік моделі.

15.1 Желі қауіпсіздігінің моделі

Желілік шабуылдың классификациясы

Жалпы алғанда, жіберушіден (файл, қолданушы,компьютер) алушыға (файл, қолданушы,компьютер) жіберілетін ақпараттық лек болады.



Сурет.1. Ақпараттық лек

Барлық шабуылдарды екі топқа бөлуге болады: пассив және актив

I.Пассив шабуыл

Берілген хабарламаны қарсыласы модификациялай алмайтын және ақпараттық каналға жөнелтуші мен алушының арасына өз хабарларын қоя алмайтын шабуылды пассив шабуыл деп атайды.

Пассивтік шабуылдың мақсаты-берілген хабарлар мен трафика анализдерін тыңдау.



Сурет.2. Пассивтік шабуыл

II. Актив шабуыл

Қарсыластың жіберілген хабарларды модификациялай алатын және өз хабарларын қоя алатын шабуылды актив шабуыл деп атайды.

Активтік шабуылдың мынадай түрлері бар:

1. Қызмет етуден бас тарту-DOS- шабуыл (Denial of Service)

Қызметтен бас тартужелілік сервистің дұрыс қызметін бұзады. Қарсылас белгілі бір адреске бағытталған барлық хабарламаларды ұстай алады. Мұндай шабуылдың мысалы трафиканың жасалуы болып табылады, сол себепті желілік сервис заңды тұтынушының сұранысын өңдей алмайды.

TCP/IP желісіндегі мұндай шабуылдың классикалық мысалы ретінде SYN шабуылын айтуға болады.

Бұзушы TCP-біріктіруші қондырғысына ұқсайтын пакетті жібереді, бірақ бұл бірігудің қондырғысын аяқтайтын пакетті жібермейді. Нәтижесінде серверде жадының шамадан тыс толығуы жүзеге асады да, сервер заңды тұтынушымен жалғастыруды жүзеге асыра алмайды.

2. Берілген лектің модификация шабуылы «man in the middle »

Берілген лектің модификациясы дегеніміз-берілген хабарламаның мазмұнының өзгеруі немесе хабарлау тәртібінің өзгеруі.

3. Жалған лектің пайда болуы(фальсификация)

Фальсификация дегеніміз-бір субъектінің өзін басқа адам ретінде беруі.

4. Қайталама қолдану.

Берілген мәліметті рұқсат етілмеген жолмен алатын пассивтік ұстау-қайталама қолдану деп аталады.

Replay-шабуылы.Шынында, replay-шабуыл фальсификация нұсқасының бір түрі,оны рұқсат етілмеген мәліметті алудың кең таралған түрі деп есептейді де,шабуылдың ерекше түрі ретінде көп қарайды.

15.2 Жергілікті желідегі ақпаратты қорғау

Қаіпсіздік сервисының негізі келесілер:

Құпиялылық – жіберілетін немесе сақтауға арналған енжар шабуылды тоқтату.

Аудентификация – ақпаратты заңды бастамадан алудың кепілдігі.

Байланысты орнатқан жағдайда екі аспект пайда болады.Біріншіден байланыс кезінде сервис кепілдік беру керек, бұл жағдайда екі қатысушыда міндетті. Екінщіден, сервис кепілдік беру керек, бұл жағдайда байланыс әсер етпейді, үшіншіден байланыс орнатылғаннан кейін заңсыз жақпен жасырынуы мүмкін.

Бүтінділік – сервис, ақпаратты сақтаған немесе жіберген кезде өзгермейтініне кепілдік береді. Лек хабарламаларға, жалғыз хабарламаларға немесе хабарламалардың ішіндегі жеке өрістерге сонымен қатар сақталған файлдармен жеке жазьа файлдарға қолданылуы мүмкін.

Мүмкін еместілік – қабылдаушыға сол сияқты жіберушігеде, жіберілген фактыдан бас тарту. Сонымен хабарлама жіберілген кезде қабылдаушы заңсыз жіберушінің хабарлама жібергенінесенімді бола алады.

Рұқсат бақылауы – коммуникациалдық линиялар арқылы жүйеге және приложения рұқсатты шектеу және бақылау мүмкіндігі.

Рұқсаттылық – шабуылдың нәтижесі сол немесе басқа сервистің жоғалуы немесе томендеу рұқсаттылығы.

15.3 Рұқсатсыз кіруден қорғауды тану

Мысалы, үшінші жақ екі қатысушының арасындағы құпия ақпаратты қарсыласқа ыңғайлы болмас үшін бөлуге жауапты болуы мүмкін. Немесе үшінші жақ екі қатысушының расындағы жіберілетін хабарламаның дұрыстығына қатысты таластарды шешуге қатысады.

Жағымсыз кіру мүмкіндігінің басқа типі редакторлар, компиляторлар және т.с.с. қолданбалы бағдарламалар мен бағдарламалық утилиттерге әсер ететін нәрселерді есептеуіш жүйеге енгізу. Осылайша, шабуылдың екі типі болады:

1. Жүйеде сақталған мәліметтерді модификациялау немесе алу мақсатында ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі.
2. Серверлерді қолдануға әсер ету мақсатындағы серверлерге шабуылдар.

Вирустар мен құрттар – осындай шабуылдың мысалы. Мұндай шабуылдар дискета арқылы да, желі арқылы да жүзеге асуы мүмкін.

Жағымсыз кіру мүмкіндігінің алдын алатын қауіпсіздік серверлерін екі категорияға бөлуге болады:

1. Бірінші категория күзету функциялары термині арқылы анықталады. Бұл механизмдер авторленген қолданушыларға ғана кіру мүмкіндігін беретін, парольді қолдану негізінде құрылған кіру процедурасын қосады. Бұл механизмдер сонымен қоса TCP/IP протоколының түрлі деңгейдегі стектерінде болатын шабуылдардың алдын алады, және де вирустар мен құрттардың енуі туралы хабарлайды да, осындай типтегі барлық шауылдарға қарсы тұрады.

2. Екінші қорғау шебі қолданушылардың іс – әрекетін бақылайтын және кіру мүмкіндігін қадағалайтын түрлі ішкі мониторлардан тұрады.

Ақпараттық жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезіндегі негізгі ұғымдардың бірі – авторизация. Авторизация – белгілі бір ресурстар мен объектілерді қолдану мүмкіндігі ережелерін анықтайтын ұғым.

Ақпараттық жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде мынадай негізгі принциптер бар:

1. Ақпараттық жүйе қауіпсіздігі бұл жүйені қолданылып отырған мекеменің ролі мен мақсатына сай болуы тиіс.

2. Ақпараттық жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ету комплекстік және біртұтастықты талап етеді.

3. Ақпараттық жүйе қауіпсіздігі мекемедегі басқарушы жүйенің ажырамас бөлігі болуы керек.

4. Ақпараттық жүйе қауіпсіздігі экономикалық жағынан расталған болуы керек.

5. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауапкершілігі нақты анықталған болуы керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Желідегі ақпаратты қорғау дегеніміз не?
2. Жергілікті желідегі ақпаратты қорғау?
3. Рұсатсыз кіруден қорғану және оның жолдары?

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Воробьев, "Защита информации в персональных ЭВМ", изд. Мир, 1993 г
2. Ковалевский В., "Криптографические методы", Компьютер Пресс 05.93
3. Ақпаратты қорғау және қауіпсіздік аймағындағы Қазақстан Мемлекетінің Заң актілері.
4. Ақпаратты қорғау және қауіпсіздік аймағындағы Қазақстан Мемлекетінің нормативті құжаттар.
5. Лавров Д.Н. Элементы теории чисел и криптографии. Омск, 2003. Ковалевский В., "Криптографические методы", Компьютер Пресс 05.93
6. Зегжда Д.П. Ивашко А.М. Основы безопасности информационных систем. М., 2000.
7. Соколов А.В., Шаньгин В.Ф. Защита информации в распределенных корпоративных сетях и системах. М.: ДМК Пресс, 2002
8. Романец Ю.В., Тимофеев П.А. Шаньгин В.Ф. Защита информации в компьютерных системах и сетях. –М.: Радио и Связь, 1999 .
9. Иванов М.А. Криптографические методы защиты информации в компьютерных системах и сетях. – М: Кудиц – ОБРАЗ, 2001.
10. Расторгуев С.П. Программные методы защиты информации в компьютерах и сетях. – М.: “Яхтсмен”, 1993.
11. Специвцев А.В. и др. Защита информации в персональных ЭВМ. –М.:Радио и связь, 1993.
12. Герасименко В.А. Защита информации в автоматизированных системах. ч.1,2. – М.:”Высшая школа”, 1995.
13. Ященко В.В. Введение в криптографию. Новые математические дисциплины. – М.: МЦНМО Питер,2001.

Қосымша әдебиеттер:

14. Мафтик С., "Механизмы защиты в сетях ЭВМ", изд. Мир, 1993 г.
15. Я люблю компьютерную самооборону. “Только для взрослых” Москва 2002 г.
16. Зегжда Д.П., Ивашко А.М. Основы безопасности информационных систем. –М.: Горячая линия – Телеком, 2000.
17. Алексеев В.Е. Вычислительная техника и программирование. Практикум по программированию. Москва. Высшая школа. 1991.
18. Фаронов В.В. Турбо Паскаль 7.0 Начальный курс. Учебное пособие.-М.:Нолидж,2001г.
19. Исаев С.Ә. Компьютерлік технология негіздері курысына арналған практикум.: Әдістемелік оқу құралы. – Алматы. 2000ж.
20. Microsoft Office 2000: шаг за шагом: прак. пособ. /пер с англ...-М.: Эком, 2000.
21. Бэндл Д. Защита и безопастность в сетях Liпих: для профессионалов /+СД/.- СПб.: Питер, 2002.
22. Богатоф Д. Ф., Богатоф Ф. Г. Основы информатики и математики для юристов: учеб пособ. Т. 1. .- М.: Приор, 2001.
23. Беркінбаев К. М. /Педагогика ғылымдарының кандидаты/ Информатика: оқулық.- Алматы, Заң әдебиеті, 2007
24. Симонович С. В. и др. Информатика: Базовый курс.- СПб.: Питер, 1994
25. Каймин В. А. Информатика.- М.: Инфра-М, 2003.
26. Гаврилов О. А. Курс правовой Информатики.- М.: Норма.
27. Гордеев А. В. Операционные системы: Учеб.для вузов.- СПб.: Питер, 2007.